

6D075500-«Гидрогеология және инженерлік геология» мамандығы бойынша
Санатбеков Мирас Есенұлының философия докторы (PhD) ғылыми
дәрежесін алуға ұсынылған «Балқаш және Алакөл ойпаттарының көмірсутек
элеуетін бағалаудың геодинамикалық және гидрогеологиялық критерийі»
диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Санатбеков Мирас Есенұлының диссертациялық жұмысы өзекті және күрделі тақырыпқа арналған. Ізденушінің диссертациялық жұмысы кіріспеден, 4 тараудан және қорытындыдан тұрады. Кіріспеде көрсетілгендей, зерттеудің негізгі мақсаты – Балқаш - Алакөл ойпаттарының көмірсутек потенциалына әсер ететін факторларды жан-жақты зерттеу және кешенді талдау жүргізу.

Зерттеу барысында келесі міндеттер қойылып, шешілді:

1. Балқаш-Алакөл ойысы бойынша геологиялық деректерді жинау және талдау. Шөгінділердің фациялық таралуы, олардың жиналу жағдайлары мен кезендерін зерттеу арқылы өңірдің мұнай-газдылығына әсер ететін негізгі геологиялық факторлар анықталды.

2. Аймақтың геодинамикалық тарихын зерттеу. Тектоникалық оқиғаларды және олардың шөгінді процестерге әсерін талдау жүзеге асырылды. Бұл көмірсутек жүйелерінің қалыптасуындағы геодинамиканың рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

3. Гидрогеологиялық жағдайларды зерттеу. Көмірсутектердің миграциясы мен жинақталуына әсер ететін факторлар, соның ішінде қабаттық сулар мен мұнай-газ тудырушы жыныстар арасындағы өзара әрекеттесулер бағаланды.

4. Көмірсутек элеуетін бағалау. Көмірсутек көлемдерін есептеу жүргізіліп, әрі қарай зерттеу бағыттары бойынша ұсыныстар, соның ішінде іздестіру-барлау жұмыстарына арналған перспективалы учаскелерді таңдау ұсынылды. Бұл зерттеу Балқаш-Алакөл ойысының мұнай-газ элеуетін жан-жақты зерттеуге бағытталған маңызды ғылыми еңбек болып табылады.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық жұмысында қолданылған зерттеу әдістері ғылыми негізделген, жан-жақты және кешенді сипатқа ие. Зерттеу барысында заманауи геологиялық және геофизикалық әдістердің кең спектрі қолданылған. 1. Геологиялық әдістер: Шөгінділердің литологиялық және стратиграфиялық сипаттамаларын анықтау, фациялық талдау және геологиялық құрылымдардың морфологиясын зерттеу барысында дәстүрлі және заманауи әдістер тиімді қолданылды. Бұл мұнай-газ қабаттарын анықтау және бағалау үшін маңызды мәліметтерді алуға мүмкіндік берді. 2. Геофизикалық әдістер: Сейсмикалық барлау әдістері (МОГТ-2D) арқылы тектоникалық құрылымдар мен мұнай-газ жинақталуы мүмкін аймақтар терең зерттеген. Бұл әдістер аймақтың геодинамикалық құрылымын нақтылауға және перспективалық учаскелерді анықтауға көмектесті. 3. Гидрогеологиялық зерттеулер жүргізілген: Қабаттық сулардың қозғалысы

мен олардың мұнай-газ тудырушы таужыныстарымен өзара әрекеттесуін бағалау үшін гидрогеологиялық әдістер қолданылған. Бұл көмірсутектердің миграция жолдарын және жинақталу аймақтарын түсінуге негіз болды.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде шөгінді бассейндерінің ықтимал аудандары мен перспективалы мұнай-газды кешендердің қалыңдығы анықталды. Осы негізде шөгінді бассейндер бойынша көмірсутек қорының болжамды ресурстары есептелді.

Санатбеков Мирас Есенұлының диссертациялық жұмысы оның гранттық тақырыптар бойынша жауапты орындаушы ретінде қатысқан жобалары барысында жинақталған үлкен көлемдегі нақты материалдарды талдау негізінде орындалған: соның ішінде Қ.И.Сәтбаев атындағы геология ғылымдар институтында Автор 2018-2020 жылдарға арналған №AP05133073 "Шығыс және Оңтүстік - Шығыс Қазақстанның (Алакөл, Балқаш және Іле) тау аралық ойпаттарының геодинамикалық эволюциясы және мұнайгаздылық перспективаларын бағалау" мемлекеттік қаржыландыру жобасын орындауға қатысты. Диссертациялық жұмыста зерттеу жұмыстары кезінде жинақталған материалдар, сонымен қатар еліміздегі және шетел журналдарында жарық көрген көптеген зерттеушілердің мақалалары пайдаланылды.

Геологиялық, геофизикалық, құрылымдық және петрографиялық деректердің кең көлемде қамтылуы, тақырыптың өзектілігі, Балқаш-Алакөл шөгінді бассейндерінің мұнай-газ перспективасын бағалау мәселелерін шешудегі жаңашылдық Санатбеков М.Е. диссертациялық жұмысының қазіргі заман талаптарына сәйкес келетінін көрсетеді. Диссертацияның негізгі тұжырымдары халықаралық конференцияларда апробациядан өтіп, Scopus деректер базасына кіретін басылымдарда жарияланған: барлығы 12 ғылыми мақала мен баяндама, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізімге кіретін 2 мақала, Scopus дерек қорында 2 мақала шықты.

Осыған орай, Санатбеков Мирас Есенұлының «Балқаш және Алакөл ойпаттарының көмірсутек әлеуетін бағалаудың геодинамикалық және гидрогеологиялық критерийі» атты диссертациялық жұмысы докторлық диссертацияларға (PhD) қойылатын барлық талаптарға сай келеді және 6D075500-«Гидрогеология және инженерлік геология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру үшін ұсынылады.

Ғылыми кеңесшісі:
Геология – минералогия
ғылымдарының докторы, профессор



Г.Ж. Жолтаев

Г.Ж.Жолтаевтың қолын куәландырамын:

Г.Ж.Жолтаев бөлімшісі: *А.Келес*

